

ӘОЖ 159.9

**ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА КӘСІБИ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ**

**Уасхан Айгерім Нұрланқызы**

[97.aigerim\\_97@mail.ru](mailto:97.aigerim_97@mail.ru)

Еуразия Ұлттық университеті, психология мамандығының 2 курс магистрі,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.Ш.Байжұманова

Мамандыққа бағыт, бағдар беру жұмысының тарихы өте ертеден дамып келе жатқан психологиялық қызмет көрсетудің бір түрі. Қазіргі кездегі мектепте жүргізіліп жатқан мамандыққа бағдар беру жұмысының негізін салғандар В.И. Лебедев, Е.П. Климов, Г.А. Уманов, Ю.П. Сокольников және т.б. ғалымдар. Олар өз зерттеу жұмыстарында мамандыққа баулу жұмысының құрылымын, мазмұнын, сонымен қатар пайдаланылатын әдіс-тәсілдерін анықтап, мектеп қабырғасында оқушылармен жүргізілетін мамандыққа икемділігін диагностикалау жұмыстарының бағдарламасын жасады [1].

Кәсіптік бағдар беру – бұл оқушылардың әртүрлі қызметке икемділігін анықтауға бағытталған. Жеке тұлғаның болашағы мамандықпен тікелей байланысты болғандықтан,

кәсіби бағыт бағдар беру арқылы сол мамандықтың қыр-сырын және мақсатын көрсетіп анықтауға болады. Бұл үшін мамандық таңдайтын жоғары сынып оқушыларының қандай мамандыққа икемі мен қабілеттілігі жоғары екендігін әр түрлі психологтардың әдістемелері мен тесттері арқылы анықтап білуге болады. Кәсіби өзіндік анықталу процесіндегі жоғары сынып оқушыларының әрекетінің жүйелілігі – олардың тікелей белсенділіктеріне, ұстанымдарының қалыптасуына тікелей байланысты. Жоғары сынып оқушыларының мамандықты таңдаудағы анықтайтын негізгі факторлардың ішіндегі маңыздысы сол мамандыққа деген қызығушылығы жатады. Мамандық таңдау барысында жоғары сынып оқушыларының ішкі факторларға сүйенуі, өзіндік анықталу процесінің психологиялық мазмұнын құрайды. Жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдауға деген саналы түрде әлеуметтік қажеттіліктерінде кәсіби өзіндік анықталудың ерекшеліктерінде маңызды рөл атқарады.

16-23 жас аралығында жастардың көпшілігі оқу орындарында білім алады не болмаса мекемелерде, әртүрлі кәсіпорындарда кәсіптік білім алады. Кей жағдайда оқушылар өз таңдауының дұрыстығына сенімін нығайту үшін оқыту барысында оқушылар әртүрлі бағытта өздерін дамытуға ұмтылуы қажет. Психологияда өзін-өзі анықтау және де өмір салтын таңдау арқылы кәсіби бағытта өзін-өзі анықтау процестерін анықтаумен байланыстырады. Көбінесе жасөспірім өз мамандығын таңдаған адам болашақ кәсіби мәртебесін және өмірлік құндылықтар жүйесімен салыстыра келе, өзінің өмірін жоспарлайды. Осы бойынша келесідей зерттеушілер жұмыс зерттеу жұмыстарын жүргізген: М.Р. Гинзбург, Н.С. Пряжников, Е.Ф. Зеер, Е.И. Головахи, Е.А. Клиов. Тақырыптың кәсіби бағытта өзін-өзі анықтауының толыққанды зерттелуін дәйекті түрде зерттеу жұмыстарымен айналысқан, Е.А. Климова, Н.С. Пряжникова [2].

Е.А. Климов жеке тұлғаның дамуының ақыл-ой көрінісінің сапасына кәсіби түрде өзін-өзі анықтауды білдірді. Адамның өмір жолында әртүрлі еңбек салалары бойынша белгілі бір көрініс қалыптасады. Е.А. Климов өзін-өзі анықтаудағы ең маңызды компонент ретінде – өзін-өзі жеке тұлға ретінде тану болып табылады.

Жеке тұлғаның өзін-өзі тануына келесідей жағдайлар кіреді:

- Белгілі бір кәсіби қауымдастыққа тиесілігін білдіреді;
- Мамандықтағы стандарттарға сәйкес келетін олардың жеке ерекшеліктерін бағалау.
- Жеке тұлғаның әлеуметтік топта тану туралы білімі бойынша
- Әлсіз және күшті адамдардың, жеке тараптардың, жеке тұлғаның сонымен қатар өзін-өзі жетілдірудің жолдары мен негізгі тәсілдерін білу.

Е.А. Климов бойынша кәсіби өзін-өзі анықтауда екі деңгейді атап өтеді: гностикалық және практикалық. Бұл жердегі гностикалық өзін-өзі тану және сана-сезімін қайта құрылымдап құрастыру. Ал, практикалық адамның әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен байланысты. Е.Ф. Зеер бойынша кәсіби бағытта өзін-өзі анықтауы бойынша қолданбалы психология тұрғысынан мәселе жеке өзін-өзі анықтауымен байланыстыруға болады [3].

Оқушылардың мамандықты таңдауы олардың жеке дара қасиеттеріне тәуелді болып келеді. Сол қасиеттерінің бірі оқушының негізгі икемділігі. Икемділік түсінігі объектіге белсенділік, түрлендіруші негізінде атайды. Кәсіби бағдар – бұл қоғамның мүддесі үшін еңбек ресурстарын толық бөлу қажеттілігі мен тұлғаның жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, жастарды еркін және өз қалауымен мамандықты таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі. Адамның кәсіби дамуы мен тұлғаның өзін-өзі жобалау үдерісімен байланысты болып, келесідей кезеңдерді атап өтеді. Мысалы, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі сынауы, өзін-өзі жүзеге асыруы. Әр адам өз өмірінде білім алу немесе қайта жұмысқа тұру сәті түскен кезде, оның шешімін табу қажет болады. Демек, әр адам өз өмін жолы мен мамандығын дұрыс таңдай білуі қажет. Әрбір тұлға өз мамандығы мен жұмыс түрін таңдауға құқылы. Бірақ әр адам үшін өз мамандығын дұрыс таңдау қиынға соғып жатады. Оның бірнеше себептері бар: біріншіден мамандыққа қойылатын талаптар туралы адамдардың білімінің жоқтығы. Екіншіден, өз қызығушылықтары мен қабілеттіліктер жете бағаламауы. Адам өз өмір жолын жоспарлау кезінде адамзаттың мәдени өмірімен тікелей түрде

қатынасқа түседі. Бұл негізгі міндет кәсіби өзін-өзі анықтау міндетімен байланысады. Жеке тұлғаның кәсіптік өзін-өзі анықтауы – бұл мектеп бітіруші оқушының өз мамандығын саналы және нақты таңдау даярлығы. Кәсіби даярлық – жоғары сынып оқушысының мамандықты таңдауға деген нақты даярлығы, орта мектеп қабырғасынан жоғары оқу орнына түсуге дейінгі дайындығын қамтиды.

Тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы нақты еңбек әрекетінде субъективтік қатынасын қалыптастыруды, еңбекке икемділікті, оған бағдарлану және оның өзгерісіне дайындығын көздейді. Оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауы мамандықты таңдаумен тікелей байланысты. Тұлғалық өзін-өзі анықтау екі түрлі жоспарда болуы мүмкін, біріншіден, нақты мамандық пен өмір жолын жоспарлау анықталса, екінші жолы өзінің өмір сүру жолының мәнісін іздестіру. Оқушының кәсіби бағыт бағдарын таңдау ең бірінші пәндік қызығуға негізделеді, яғни, білімнің не болмаса еңбек түріне тікелей байланысты. Мамандық түрін таңдау оқушының саналы түрдегі қабілеттері мен мүмкіншіліктеріне тікелей байланысты болуы қажет. Сол себептен, мамандықты таңдауда келесідей шарттарды сақтау қажет. Оларға: оқушының пәндік қызығуы мен таңдаған мамандығына сәйкес келуі. Екінші, өз қабілеттіліктері мен мүмкіндіктерін түсіне білу. Үшінші, өз мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін бағалай білу.

#### **Мамандық таңдаған уақытта төмендегідей ережелерді есте сақтаған жөн:**

- Барынша көп мамандықтарды зерттеген жөн және тіршілік ететін елді мекенде қандай мамандықтар керек екендігін анықтаған қажет;
- Өзін-өзі жеке тұлға ретінде зерттеу аса маңызды мысалы мінез ерекшеліктері, қызығушылығы, өзін-өзі бағалау, талаптану деңгейі;
- Өзіне ұнамды және ыңғайлырақ мамандықты таңдауға тиіс;
- Таңдаған мамандықты зерттеу;
- Таңдаған мамандығы бойынша өзінің қабілеттіліктерін байқап көру.

Мамандық бойынша жетік білмеу – мамандық таңдауда кездейсоқтыққа алып келіп соғады. Мамандықты дұрыс таңдамаудың соңы жұмыс орнын жиі ауыстыруға әкеліп соғады. Осы тұста ата-аналар тарапына келесідей жаднаманы ұсынуға болады[4].

- Баланың өзінің қалауымен мамандық таңдауға мүмкіндік беру;
- Баланың таңдаған мамандығы бойынша пайдасы және кері тұстарын баламен бірге бірлесе шешуге тырысу;
- Болашақ мамандықты таңдау барысында материалдық жағынан пайдасы молырақ мамандықтарды емес, сонымен бірге моральдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын мамандықтарды да қарастыру қажет;
- Мамандық таңдау кезеңінде оқушыны эмоционалдық қысымға алмау;
- Егер бала мамандық таңдау барысында қателессе онда баланы қателігі үшін жазаламау қажет, керісінше қатені түзетуге ұмтылған дұрыс; [5].

Қорытындылай келе мамандықты таңдау процесін ұйымдастыру мен кәсіби бағыт бағдар беру жұмысын жүргізу бұл педагогтың және сынып жетекшісінің үздіксіз және жүйелі еңбегімен, нақты түрде ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ұстаздың педагогикалық ұстанымы мен оқушылардың жеке дара ерекшеліктеріне және де жергілікті аймақтың мамандық түріне қажеттілігіне тікелей байланысты. Мамандықты таңдаудың негізгі табыстылығы оқушының кәсіби және де тұлғалық даму жоспарымен бірге қоғамдық қажеттілікпен анықталады. Сол себептен, неғұрлым бүгінгі қоғамның мамандық кадрларына қажеттілігі жоғары болатын болса, кәсіби бағдар тиімді түрде жүзеге асырылады. Осылайша, қоғамдық ортаның мамандарға қажеттілігі мен шынайы мамандық түрін таңдау арасындағы байланыс кәсіби бағдардың тиімділік критеріі қызметін атқарады. Егер де оқушылар өзінің кәсіби өмірі мен өзін-өзі анықтауы бойынша жоспарлы түрде жүзеге асырылуы, кәсіби бағдардың тиімділік көрсеткіші болып табылады, әрине бұл жергілікті аймақтың қажеттіліктеріне тікелей байланысты ұштасатын болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Климов Е.А. Психология профессионала. – Москва – Воронеж, 1996.
2. Пряжников, Н. С. Организация и методика производственного обучения: профориентология : учеб. пособие для среднего профессионального образования / Н. С. Пряжников. — Москва : Издательство Юрайт, 2019. — 405 с.
3. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов. – М.: Академический проект; Фонд «Мир», 2005. – 336 с.
4. Зеер Э.Ф. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов.— 2-е изд., перераб., доп. — М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003.— 336 с
5. Зеер Э. Ф. Психология профессионального самоопределения в ранней юности: Учеб. пособие / Э. Ф. Зеер, О. А. Рудей. — М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2008. — 256 с.